



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2023 жылғы 01.09

Көкшетау қаласы

№ 133

город Кокшетау

2023-2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және демалыс кезеңдерін айқындау туралы

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 31 тамыздағы №01-2-15/5174-И хатының және «Ақмола облысы білім басқармасының 2023 жылғы 01 қыркүйектегі № 420 бұйрығының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023-2024 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және демалыс кезеңдері көрсетілген мерзімге айқындалсын:

1.1. 2023-2024 оқу жылының басталуы – 2023 жылғы 1 қыркүйек, аяқталуы 2024 жылы 25 мамыр;

1.2. оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12)-сыныптарда – 34 оқу аптасы. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.

1.3. оқу жылы барысындағы демалыс кезеңдері:

- 1) күзгі каникул – 7 күн (30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда);
- 2) қысқы каникул – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда);
- 3) көктемгі каникул – 11 күн (2024 жылғы 21 наурыздан бастап 31 наурызды қоса алғанда);
- 4) 1-сыныптарда қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5 ақпаннан бастап 11 ақпанды қоса алғанда).

2. Бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

Директор

А.Самбаева

Орынд.: А.Алпысбай

